ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының өндірістік кеңес

№1 хаттамасы

10.09.2024ж Қатысқандар: 11

Тақырыбы: *«Жаңа оқу жылына дайындық және шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыру»*

Күн тәртібі:

1. Ғимараттың санитарлық жағдайын тексеру.
2. Балабақшаға жеткізілетін азық-түліктің сапасын талдау.
3. Жаңа оқу жылына қажетті құрал-жабдықтарды толықтыру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алды. Жаңа оқу жылына дайындық барысында ең басты назар аударатын мәселелердің бірі – ғимараттың санитарлық жағдайы мен балалардың қауіпсіздігі. Санитарлық талаптардың сақталуы – біздің басты міндетіміз. Сонымен қатар, балалардың тамақтану сапасына ерекше көңіл бөлінуі туралы айтты.

Балабақша әдіскері Н.Алқабек сөз алды. Жаңа оқу жылына қажетті құрал-жабдықтардың уақытында жеткізілуін, әр топқа қажетті оқу материалдары мен ойыншықтардың толық болуын қамтамасыз ету және бұл балалардың сапалы білім алып, жан-жақты даму үшін маңыздылығын түсіндірді. Медбике Ж.Тұтқабай өз сөзінде, санитарлық жағдай бойынша ғимаратта бірнеше жерге дезинфекциялық құралдар орнату қажет. Әсіресе, асхана мен ойын бөлмелерінде тазалыққа ерекше мән беру керектігін және балалардың денсаулығын сақтау үшін профилактикалық шаралар жиі жүргізілуі керектігін атап өтті.

Үшінші мәселе. Балабақша шаруашылық меңгерушісі М.Мусалин сөз алды. Құрал-жабдықтар мен жөндеу жұмыстары бойынша барлығының уақытында орындалғанын, бірақ асхана жабдықтарының кейбір бөліктерін ауыстыру қажеттігін айтты.

Келесі мәселе бойынша аспазшы Г.Исманова сөз алды. Азық-түлік сапасы жақсы деңгейде, балаларға арналған мәзір талапқа сай екенін атап өтті.

Қаулы қабылданды:

1. Ғимараттың санитарлық жағдайын жақсарту үшін қосымша тазалық шаралары жүргізілсін.
2. Азық-түлік жеткізу мәселесі бойынша жаңа жеткізушілермен келісім жасалсын.
3. Қажетті оқу құралдары мен ойыншықтардың жетіспейтін бөліктері екі апта ішінде толықтырылсын.

Төрайымы: Н.Тилеумбетова

Хатшысы: Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бобекжай балабақшасының өндірістік кеңес

№2 хаттамасы

14.10.2024ж **Қатысқандар: 12**

Тақырыбы: *"Жылу беру маусымына дайындық және қауіпсіздік шаралары"*

Күн тәртібі:

1. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау.
2. Жылу жүйелерінің дайындылығын тексеру.
3. Қысқы мезгілге қажетті шаруашылық заттарын сатып алу.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алды. Алдағы қысқы маусымға дайындық бойынша барлық қауіпсіздік талаптарын орындауымыз керек. Жылу жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуі және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы - басты назарда. Әр қызметкер осы талаптарды орындауға жауапкершілікпен қараулары тиіс.

Екінші мәселе. Балабақша әдіскері Н.Алқабек сөз алды. Алдағы қысқы кезеңге байланысты әрбір топқа арнайы сабақтар өткізіп, балаларға өрт қауіпсіздігі және суықтан сақтану шаралары туралы ақпарат берілуі қажет екенін айтты.

Үшінші мәселе медбике Н.Тұтқабай сөз алды. Қысқы мезгілде балалардың суық тиюі болмауы үшін жылы киімдермен қамтамасыз ету, күнделікті тамақ мәзіріне көкөніс, жеміс, витаминдер мен профилактикалық мақсатта дәрігермен толықтыру жұмысы күшейтіліп, қысқы маусымға арналған медициналық қор (дәрі-дәрмек, витаминдер) уақтылы толтырылуы қажет екенін айтты.

Қаулы қабылданды:

1.Жылу жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуін шаруашылық меңгерушісі М.Мусалин қадағаласын.

2.Өрт қауіпсіздігі бойынша топ тәрбиешілері балаларға арнайы тренинг ұйымдастырылсын.

3.Профилактикалық шаралар үшін қажетті витаминдер қоры толықтырылсын.

Төрайымы: Н.Тилеумбетова

Хатшысы: Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының өндірістік кеңес

№3 хаттамасы

10.01.2025ж Қатысқандар: 12

Тақырыбы: *"Тамақтану сапасын бақылау және асхананың санитарлық жағдайы"*

Күн тәртібі:

1. Балалардың тамақтану рационын талдау.
2. Асханадағы санитарлық жағдайды тексеру.
3. Азық-түлік сақтау талаптарын сақтау.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алды. Балалардың дұрыс тамақтануы – олардың денсаулығы мен дамуының кепілі. Сондықтан асхананың санитарлық жағдайы мен азық-түлік сапасы басты назарда болуы жөнінде айтты.

Екінші мәселе. Балабақша медбикесі Ж.Тұтқабай сөз алды. Асхананың санитарлық жағдайын тексеру барысында барлық нормалардың орындалғанын, бірақ азық-түлік сақтау бөлмелерінің температурасын бақылау қажеттігін, ол тағамдардың сапасын сақтауда маңызды рөл атқаратындығын түсіндірді.

Қаулы қабылданды:

1. Азық-түліктерді сақтау бөлмелерінде температура режимін тұрақты бақылау үшін құрылғы орнатылсын.
2. Жеткізушілермен келісімшарттар қайта қаралып, мерзімдер нақты көрсетілсін.

Төрайымы: Н.Тилеумбетова

Хатшысы: Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының өндірістік кеңес

№4 хаттамасы

10.04.2025ж Қатысқандар: 12

Тақырыбы: *"Көктемгі тазалық және қоршаған ортаны жақсарту жұмыстары"*

Күн тәртібі:

1. Балалармен экологиялық тәрбие жұмыстары.
2. Аула мен ғимарат аумағын көгалдандыру.
3. Сенбілік, қоқысты жинау және қайта өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алды. Балабақша аумағы балалардың қауіпсіздігі мен эстетикалық көрінісі үшін таза және ұқыпты болуы керек. Көктемгі тазалық жұмыстарын сапалы түрде ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе. Балабақша әдіскері Н.Алқабек балалармен экологиялық тәрбие беру үшін арнайы іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынды. Оларға қоқыс сұрыптау, артық қағаздарды қайта өңдеу, өсімдіктерге күтім жасау жұмыстары енгізілмек.

Шаруашылық меңгерушісі М.Мусалин сөз алып, аула аумағын көгалдандыру бойынша ағаш отырғызу, арықтарды ретке келтіру, орындықтарды сырлау, қоқыс жәшіктерін жаңарту қажеттігін атап өтті.

Қаулы қабылданды:

1. Көктемгі тазалық жұмыстарын жоспарлы түрде барлық қызметкерлер қатысуымен өткізу.
2. Балаларға экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылсын.
3. "Таза Қазақстан" акциясы аясында сенбілік уақыты белгіленіп, қоқыс жәшіктері жаңартылып, ағаш көшеттері отырғызылсын.

Төрайымы: Н.Тилеумбетова

Хатшысы: Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының өндірістік кеңес

№5 хаттамасы

16.06.2025ж **Қатысқандар: 12**

Тақырыбы: *«Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік және демалыс іс-шаралары»*

Күн тәртібі:

1. Балалардың жазғы демалыс кезеңіндегі қауіпсіздігін сақтау.
2. Аулада өткізілетін іс-шараларды ұйымдастыру.
3. Ойын алаңдарының жағдайын тексеру.

Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Тилеумбетова жаз айларында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – негізгі міндеттердің бірі екенін атап өтті. Ол ашық алаңдағы ойындарда тәртіп пен қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығына тоқталды.

Тәрбиеші А.Талипова балаларға арналған жазғы ойындардың түрлері мен жоспарланған іс-шаралар туралы қысқаша ақпарат берді. Сонымен бірге, балалардың уақытын тиімді және қызықты өткізуге бағытталған жұмыстар жоспарланып отырғанын айтты.

Шаруашылық меңгерушісі М.Мусалин ойын алаңдарының қазіргі жағдайын тексеру жұмыстарын бастағанын хабарлады. Ақауы бар құрылғылар жөнделіп, орындары ауыстырылатындығын және қауіпсіздік деңгейін көтеру мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді.

Қаулы қабылданды:

1. Жаз айларына арналған сауықтыру іс-шараларының жоспары бекітілсін.
2. Балалардың демалысына арналған ойындар мен іс-шаралар кешені жоспарға енгізілсін.
3. Балабақша аумағындағы ойын алаңдары толық тексеріліп, кемшіліктер уақытылы жойылсын.

Төрайымы: Н.Тилеумбетова

Хатшысы: Н.Алқабек